

ырықтандырудың мәнін көрсетеді және сонымен бірге олар жалақы жұмыскерлеріне қатысты адалдықтың жоқтығын айқын көрсетеді.

Қолдалынған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2021.30.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929#activate_doc=2;
2. Омарова Э.Б. Материальная ответственность наемных работников: проблемы теории и практики. Астана, 2011. 42 б.
3. «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысы (2018.20.04. берілген өзгерістермен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39999062#activate_doc=2
4. Ответ Министра труда и социальной защиты населения РК от 10 февраля 2021 года на вопрос от 23 декабря 2020 года № 658662 (dialog.egov.kz) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38910832&doc_id2=34995491#activate_doc=2&pos=4;-82&pos2=4;-82
5. «Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығы (2018.28.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31324236#activate_doc=2;
6. Трудовой кодекс Российской Федерации от 30 декабря 2001 года № 197-ФЗ (с изменениями и дополнениями по состоянию на 25.02.2022 г.) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30396416&
7. Надирова А.К. К вопросу о договорах в сфере труда по законодательству Республики Казахстан // Трудовое право в России и за рубежом. 2013. № 1.
8. Нурғалиева Е.Н., Мамедова А.Т. О состоянии казахстанского трудового законодательства // Трудовое право в России и за рубежом. 2012. № 3.
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1999 ж. 1 шілдедегі № 409-1) (ерекше бөлім) (2022.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51013880#activate_doc=2

УДК 34.34.09

КАРШЭРИНГ – АВТОКӨЛІКТІ ЖАЛҒА АЛУДЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

Жабагина Анель Мейрамовна

anekek@bk.ru

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Л.Н Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің «Азаматтық және экологиялық құқық кафедрасы», Нур-
Султан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Марат Нуржан Маратулы

Қазіргі кезде азаматтардың еліміздің экономикалық жағдайындағы өзгерістерге байланысты және азаматтардың материалдық жағдайының төмен болуының кесірінен жеңіл

автокөліктерді сатып алу мүмкіндігі төмендеді. Осыған орай, жалға алу саласындағы жаңа қызметтің түрі- каршеринг пайда болды.

Каршеринг ағылшын тілінен аударғанда, екі сөзден *car және sharing*, яғни, жеңіл автокөлікпен бөлісу, бірігіп қолдану деген мағынаны білдіреді. Ал нақты нысанына тоқталып кетсек, каршеринг –қысқа мерзімге жүргізушісіз автокөлікті жалға алу. Жалға алу мерзімі минуттарға, сағаттарға және күндерге байланысты бөлінуі мүмкін. Каршерингтің көмегімен тұлға жұмысқа баруға, саяхаттауға немесе басқа да жеке мақсаттарына байланысты қолдана алады. Алайда, айтып кететін жайт, каршеринг тек қана коммерциялық емес мақсаттарда ғана қолданыла алуы мүмкін.

Қазақстан аумағына бұл сала жаңадан еңіп келуде. Бірақ-та, ол көптеген жылдар бойы Еуропа және Америка елдерінде кеңінен қолданылып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Каршерингті толығырақ түсіну үшін, оның тарихына тоқталып кету керек. Оның бастауы 1948 жылы Швейцария елінің Цюрих атты қаласынан бастау алуда. Бірте-бірте көптеген елдер арасында автомобильді жалға алу үлкен сұранысқа ие болды. 1971 жылы Франция елінің Монпелье қаласында, 1970-1980 жылдары Швецияның Гетеборг, Лунде, Эреберу қалаларында, 1973 жылы Амстердамда Witcar атты автокөлікті жалға беру қызметін көрсететін ұйымдар пайда болды. Алайда 1960-1980 жылдары арасында ол маргиналды статуста, яғни елдердің кейбір әлеуметтік қоғамдары арасында қолданыста болды. Каршеринг 1990 жылдардың ортасында даму шыңының ең түсіне жетті. Каршеринг сервисі Еуропа елдерінің көп бөлігінде, Азия елдері мен Солтүстік Америка елдерінің аумағында пайда болды. Еуропа елдерінен басқа, тұрақты түрде көлікті жалға алу Австралия мемлекетінде, ал 2000 жылдардан бастап Америка елдерінде тұрақты сала ретінде нарықта өз орынын тапты. КСРО аумағында да бұл саланың өскіндері 1965 жылдары пайда бола бастады, алайда ол басқа мемлекеттерге қарағанда, үлкен сұранысқа ие бола алмады. Осы жылдардағы зерттеулер бойынша Англияда каршерингтің 300 пункті, Германияның 600 қаласында қолданыста бар.

Frost & Sullivan компаниясының зерттеуіне сәйкес, 2011 жылы Еуропада 700 000-ға жуық каршерингті пайдаланатын жүргізушілер болған. 2022 жылға қарай жазылушылардың саны 23 000 000 адамға, қолжетімді автокөліктер саны 620 000-ға дейін өседі.

Қалалық көлік жүйесінде каршеринг жеке және қоғамдық көліктер арасында аралық орын алады. Пайдаланушы үшін ол қоғамдық көліктерден қарағанда қымбаттырақ болса да, жеке көлікке кететін шығындарға қарағанда өте тиімді болып табылады. Қысқа мерзімге жалға алынған көлік, кейбір жағдайларда таксидің бағасынан қарағанда арзанырақ шығуы мүмкін. Сонымен қатар, шартта көзделген болса, автокөлікті жалға алушы ақылы тұрақтардың ақысын төлеуден босатылуы мүмкін.

Каршерингтің субъектілері болып жалға беруші мен жалға алушы болып табылады. Жалға алушы болып тек қана материалды жағдайы келмейтін тұлғалар ғана емес, сонымен қатар, басқа мекенге келген немесе жеке автокөлікті ұстауды ауыртпалық деп санайтын адамдар да болуы мүмкін. Мысалы, көрші Ресей мемлекетінде жүргізілген санақ бойынша, жеке көлікті пайдаланудан қарағанда каршерингті таңдағандардың саны 37% жеткен.

Каршерингтің дәстүрлі автокөлікті жалдаудан айырмашылығы:

- жүргізуші болып жалға алушы бола алады;
 - автокөлікті алу және қайтару пункттері 24 сағат және демалыссыз жұмыс істейді;
 - автокөлікті брондау, алу және қайтару автоматизацияландырылған;
 - автокөліктер минуттар, сағаттар мен күндер бойынша жалға алына алады;
 - автокөлікті алу және қайтару пунктерінің қала бойынша бірнеше жерлерде орналасуы;
 - сақтандыру, тұрақтар, көлік жуу мен жанармай шығындарынан босатылады.
- Қазіргі таңда, каршерингтің 3 түрін атап айтуға болады.

Бірінші түрі- Free-floating - жүргізушілер үшін қолайлы пункттерде және тұрақ белгісімен белгіленген орындарда сапарды аяқтау мүмкіндігімен қысқа мерзімді автокөлікті жалға алу. Бұл түрді әлемдік нарықта да, қазақстандық нарықта да белсенді дамып келе жатқан каршеринг компаниялары жүзеге асырады. Автокөлікті минутына немесе сағатына байланысты қысқа мерзімді жалға алудың бұл түрі әдетте қалаға қысқа сапарлар үшін қолданылады.

Әдетте, каршеринг ұйымдарының автокөліктерін пайдалану үшін қызмет көрсетудің негізгі нюанстарын, тараптардың құқықтары мен міндеттерін көрсететін шартқа бір рет қол қойып, кез келген уақытта ұйым автокөліктерін қолдана алады.

Автокөлікті қолдану үшін :

-ұйым атынан берілетін арнайы карточка (HID, Mifare, EM-magіne және т.б) ;

- онлайн брондау арқылы;

- арнайы телефон қосымшалары арқылы қол жеткізуі мүмкін.

Онлайн немесе қосымшалар арқылы брондаудан кейін , жалға алушыға әдетте 20 минут беріледі. Сол уақыт аралығында, жалға алушы автокөліктің тұрған жеріне жетуі тиіс. Белгіленген уақыт өтіп кеткеннен кейін, тариф бойынша белгіленген ақы саны есептеледі басталады.

Екінші түрі- Peer-to-peer- классикалық жалдау түрінен ерекшелігі: автокөліктер көбінесе жеке тұлғалардың немесе негізгі қызметі болып жалдауға беру болып табылмайтын компаниялардың меншігіне тиесілі болып келеді. Жалдаудың бұл түрі Америка Құрама Штаттарында қолданылады және оның танымал компанияларының бірі болып TURO мен GETAROUND болып есептеледі.

Үшінші түрі- fractional- пайдаланушыларға көлік құралын бірлесіп күтіп ұстауға және пайдалануға мүмкіндік беретін бөлшек иелік деп аталатын жалдау түрі болып табылады.

Каршеринг Қазақстанда үлкен сұранысқа ие болып бара жатыр. Осыған орай, еліміздің ірі қалаларында Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында каршеринг ұйымдары ашылуда. Оларға мысал ретінде Dосcar, RentaCar's, Каршеринг Anytime, AsiaRent ұйымдарын атап кетуге болады. Ортаңғы тариф бойынша минуттық ақысы 19тг/мин, тәуілік ақысы 7000 мыңнан жоғары .

Біздің елімізде жаңа қымет түрі болғандықтан, каршеринг туралы негізгі баптар айқындалмаған. Алайда , оның құқықтық аспектілері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 29 тарауының Көлік құралдарын жалдау туралы тарау бойынша қарастырылады. Бұл тараудың «Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты туралы» 594-1 бабында , каршеринг туралы- «көлік құралын экипажсыз жалдау шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға көлік құралын басқару мен техникалық пайдалану бойынша қызметтерді көрсетпестен, оны уақытша иеленуге және пайдалануға ақы төлетіп береді» деп айтылған. Көлік құралын экипажсыз жалдау шарты оның мерзіміне қарамастан, жазбаша түрде жасалуға тиіс. Шартқа тұруға қажетті құжаттарға: жалға алушының жеке куәлігі мен жүргізуші куәлігі қажет.

Шарт бойынша тараптардың міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері туындайды.

Шарт бойынша жалға беруші орындаған қызметі үшін ақы алуға, ал жалға алушы автокөлікті қолдануға құқығы болады.

Тараптардың міндеттері:

Жалға алушы:

-жалға алушы міндетті түрде 21 жасқа толған, әрекетқабілеттілігі бар тұлға болуы тиіс;

-жалға алушының автокөлікті жүргізу стажы В категориясы бойынша 3 жылдан кем болмауы тиіс;

- жалға алушы көлік құралын экипажсыз жалдау шартының бүкіл мерзімі ішінде ағымдағы және күрделі жөндеуді жүзеге асыруды қоса алғанда, жалға алынған көлік құралын тиісті жағдайда ұстауға міндетті;

-Егер көлік құралын экипажсыз жалдау шартында өзгеше көзделмесе, жалға алушы жалға алынған көлік құралын күтіп ұстауға, өз жауапкершілігін сақтандыруды қоса алғанда, оны сақтандыруға жұмсалатын шығыстарды, сондай-ақ оны пайдалануға байланысты туындайтын шығыстарды көтереді;

-жалға алынған көлікті тек қана жалға алушы жүргізе алады;

Жалға беруші міндетті:

-жалға алушыға шарт бойынша көзделген автокөлікті беруге;

-жалға алушы жалға берушіге техникалық жағдайынан кемшілігі жоқ автокөлік беруге міндеттенеді.

Тараптардың жауапкершілігі:

- егер жалға алушы автокөлікпен үшінші тұлғаларға зақым жасаса , онда Азаматтық кодекстің 931 бабы бойынша жалға беруші үшінші тұлғалар алдында жауапты болады. Ол оларға келтірілген залалдың ақысын төлеуге міндетті болып келеді;

- жалға алушы жалға берушіге шартта көзделген жағдайда кепіл қалдыруы тиіс. Кепіл мөлшері көлік классына байланысты айқындалады.

Қорытындылай келе , каршеринг елімізде жаңа және әле дамып келе жатқан қызмет түрі болып келеді. Оның көмегімен тұлғаларға көлктің жалпы бағасынан орташа есеппе 70% -ға дейін үнемдеуге көмектеседі және де ол такси мен жеке көлік шығындарынан қарағанда арзанырақ шығады. Себебі, тұлға тек нақты көлікті қолдану уақыты бойынша ғана ақысын төлейді. Мысалға, такси мен каршерингтің айырмашылықтарын қарастырсақ:

-Жалға алынған автокөлікті кез келген уақытта, қалаларда орналасқан арнайы пункттерден алып кетуге , оларды қайта тапсыруға болады.Және ақысын тек қана фактілі қолданғаныңыз үшін төлейсіз. Ал таксидің бағасы тәуілік уақытына, кептелістердің боуына және арақашықтыққа байланысты саналады.

-Мен жүргізген есептер бойынша, менің тұрғылықты тұрып жатқан жерімнен университет арасы 6 км және көлікпен жету уақыты 25-30минут. Таң ертең такси бағасы орташа есеппен 1450 тг болады. Ал жалға алынған машинаның бағасы минутына 15 тг болса, оның ақысы 345 тг болады. Сіз өз ақшанызды 4 есе сақтап қалдыңыз деуге болады.

Каршеринг қолданушылары ақшаларын сақтап қана қоймай, сонымен қатар экологияның жақсаруына септігін тигізуге мүмкіндігі бар.

2021 жылдың 1 қазанында жүргізілген санақ бойынша Қазақстанда 4 миллионға жуық автокөліктер бар екендігі білінді. Оның кесірін ауаның сапасының төмендеуінен көруге болады. Каршеринг автомобиль санының төмендеуіне өз септігін тигізе алады. Сондықтан, менің ойымша, Қазақстан Республикасының заңнамасында каршерингке қатысты арнайы нормативті актілердің болғанын жөн көремін және ірі қалалар ішінде каршеринг пунктерінің санының көбейуіне мемлекеттің көмегінің болуын қалаймын немесе мемлекеттік каршеринг компанияларын ашуға идеясын ұсынамын .

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР азаматтық кодексі (ерекше бөлім)
2. Котляров И.Д. Организация автотр Форум молодых ученых.– 2019.
3. транспортного обслуживания на основе коммерческого каршеринга // Мир транспорта. 2016.
4. Бубновская Т. А., Суворов Ю. Б. К вопросу о каршеринге: правовые аспекты // Юрист. — 2018. — № 7. — б. 32—36.
5. Кудрин, А.Б. Каршеринг: динамика развития, текущие тенденции и перспективы / А.Б. Кудрин, Д.В. Ростова, И.В. Кирова // Форум молодых ученых.– 2019.